

**6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша
(PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған
«Ірі қала жағдайында қант диабетінің медициналық-әлеуметтік және
экономикалық салдарын болжау» тақырыбындағы
Танирбергенова Акмарал Айдаркуловнаның
диссертациялық жұмысына**

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Халықаралық диабет федерациясының мәліметінше, соңғы жылдары ҚД ғаламдық таралуы 151 миллионнан (2000 ж.) 537 миллионға дейін (2021 ж.), яғни 3,5 есеге артқан. Бүкіл әлемде ҚД ІІ типі бар адамдар саны ұдайы өсуде. Қазіргі кезеңде, Қазақстан Республикасында және оның әкімшілік-территориялық аймақтарында да ҚД алғаш тіркелген сырқаттанушылық деңгейінің қолайсыз үрдісі байқалады. Диабет мәселесіне ықпал ететін негізгі фактор ҚД бар адамдардың 30-80% әлі диагностикаланбаған. Мәселенің өзектілігі сол, ҚД сырқаттанушылық деңгейінің жоғарылауы, ауыр және қайтымсыз асқынулар бұл аурудың медициналық-әлеуметтік мәнін айқындайды.

Докторант А.А.Танирбергенова ҚР мен Алматы қаласындағы ҚД алғаш тіркелген халықтың сырқаттанушылық көрсеткіштері деңгейіне салыстырмалы талдау жүргізді және сырқаттанушылықтың көпжылдық динамикасынан алынған деректері негізінде ел халқының және әрбір әкімшілік-аумақтық бөлінісінде 2025 жылға дейінгі халықтың ҚД сырқаттанушылығына болжам жасады.

Докторант қала халқының ҚД ауыратын науқастардың медициналық, әлеуметтік, экономикалық салдарына кешенді бағалау жүргізді.


Жүргізілген статистикалық сынақтар мен регрессиялық модельдерді құру нәтижесінде осы жұмыста тұжырымдалған зерттеу гипотезалары дәлелденді. Шынында да, ҚД ағымының ауыр дәрежесі пациенттер үшін медициналық-әлеуметтік сипаттағы ауыр салдарларға және материалдық шығындардың көбеюіне әкеледі. Бұл тұжырымдарды ҚД ауыратын науқастарды емдеу кезінде ескеру қажет және осы аурумен ауыратын адамдар үшін осы салдарларды азайту үшін қажетті шаралар қабылдануы керек.

А.А. Танирбергенованың диссертация тақырыбы бойынша 9 ғылыми жұмыс басылымға шықты, оның ішінде: 3 – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда жарияланған мақалалар, 1 – Web of Science және Scopus халықаралық ақпараттық ресурстарында индекстелетін шетелдік рецензияланатын журналдарда жарияланған мақала (Scopus CiteScore 2021 – 3,3, процентиль – 78), 5 – халықаралық конференция материалдарында жарияланды.

Докторанттың ғылыми жұмысы қазіргі қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы ғылыми бағдарламалардың сұраныстарына толық сәйкес келеді,

ғылыми ақпараты жеткілікті, толық аяқталған зерттеу жұмысы болып табылатындықтан, «Ірі қала жағдайында қант диабетінің медициналық-әлеуметтік және экономикалық салдарын болжау» тақырыбындағы Танирбергенова Акмарал Айдаркуловнаның диссертациялық жұмысы 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға лайық деп бағаланады.

Ғылыми кеңесші,
Диабетті зерттеу бойынша
Қазақстандық қоғамының президенті
«ААА» медициналық клиникасының директоры,
ҚР ДСМ бас штаттан тыс эндокринологы,
м.ғ.к., доцент



Аканов Ж.А.